

"Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Павлодар облысы Железин ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 2 ақпандағы № 27/2 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру бойынша кейбір мәселелер туралы" № 590 қаулысына сәйкес, Железин ауданының әкімі ҚАУЛЫ ЕТТЕДІ:

1. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

осы қаулыны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауын;

осы қаулыны Железин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Железин ауданы әкімінің 2023 жылғы 3 сәуірдегі "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы № 67/4 қаулысының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Железин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулының күшіне алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап енеді.

Аудан әкімі

А. Шайхимов

Железин ауданы әкімдігінің
2026 жылғы "02" ақпандағы
№ 27/2 қаулысымен
бекітілді

"Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ) Железин ауданының аумағында ішкі саясат және тілдерді дамыту саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады..

2. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өз атауы бар мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланктері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес.

4. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі.

5. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ, егер оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ құрылымы мен штат санының лимиті "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бекітіледі.

8. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140400, Железин ауданы, Железинка ауылы, Әуезов көшесі, 19.

9. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ жұмыс тәртібі: дүйсенбі - жұма күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

10. Осы Ереже "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік органның толық атауы – "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

12. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес аудандық бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2-тарау. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің міндеттері мен өкілеттіктері

14. Тапсырмалар:

1) Железин ауданы әкімдігінің атқарушы органдарының қызметін үйлестіру арқылы әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қоғамдық-саяси салаларда мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) "Железин ауданның ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, облыс, аудан әкімінің актілері мен тапсырмаларының орындалуын қамтамасыз ету;

3) қоғамның демократиялық институттарын нығайтуға қатысу, Қазақстанның Стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарын, Мемлекет Басшысының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларын, мемлекеттік және салалық бағдарламалар мен басқа да стратегиялық құжаттарды түсіндіру және насихаттау;

4) қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ауданның атқарушы органдарымен, үкіметтік емес ұйымдарымен, қоғамдық бірлестіктерімен, саяси партияларымен өзара іс-әрекет жасау;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану;

6) мемлекеттік тілді және ауданда тұратын халықтардың тілдерін дамыту саласында мемлекеттік саясат жүргізу;

7) аудан деңгейінде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу бойынша мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру және орналастыру, оның жүзеге асырылуын бақылауды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы", "Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы", "Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы" Заңдарын қамтамасыз ету;

9) Санкцияланбаған наразылық акцияларының алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша мемлекеттік және құқық қорғау органдары арасындағы өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

10) Железин ауданындағы қоғамдық-саяси жағдайды болжауға бағытталған әлеуметтік және саяси зерттеулер жүргізу.

15. Өкілеттіктері:

1) Құқықтары:

- аудан әкімдігі, әкімі және жоғары сатыдағы ұйымдардың қарауына ішкі саясат және тілдерді дамыту проблемаларды жедел шешу, дамудың негізгі бағыттары жөнінде ұсыныстар енгізу;

- заңнамамен белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан және өзге де ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды сұрау және алу;

- "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер өткізу;

- мемлекеттік органдарда, сотта "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ мүдделерін білдіру.

2) Міндеттері:

- "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға консультациялық-әдістемелік, ақпараттық, ұйымдастыру-техникалық және өзге де көмек көрсетеді;

- бөлімнің құзыретіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаларды жасау;

- тіл саясаты саласындағы қолданыстағы заңнаманы қолдану бойынша аудан әкімдігінің атқарушы органдары мен өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

"Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-сі өкілеттіліктерді орындау үшін ауданның өзге де атқарушы органдарымен және қарамағындағы ұйымдармен өзара әрекеттеседі.

16. Функциялары:

1) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларын, Железин ауданы әкімдігі мен әкімі актілерінің орындалуын ұйымдастыру;

2) Железин ауданы әкімдігі мен әкімінің " Железин ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі енетін мәселелер жөніндегі актілерінің жобаларын дайындау;

3) Железин ауданы әкімдігінің өңір, мемлекеттік билік органдарының қоғамдық-саяси және экономика салаларындағы қызметі туралы ақпаратты тарату жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысына қатысу;

4) өңірде Қазақстанның 2050 жылға дейін даму стратегиясын, Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларын, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, басқа стратегиялық құжаттарды түсіндіруді және насихаттауды қамтамасыз ету;

5) жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және басқа салалардағы қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, осы бағыттағы жұмысты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

6) ауыл және ауылдық округ әкімдерінің мемлекеттік ішкі саясат мәселелері жөніндегі қызметін және ақпараттық-насихаттау жұмыстарының барысын үйлестіру;

7) Железин ауданы әкімдігінің мәжілістеріне өңірдің ішкі саяси өмірінің мәселелері, тіл саясаты жөнінде материалдар дайындауға қатысу;

8) ауданың этномәдени бірлестіктеріне ұйымдық, консультативтік-әдістемелік және ақпараттық көмек көрсету;

9) мемлекеттік тіл саясатын, ішкі саясат саласында, этностар арасындағы қатынастар, Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету және сақтау мәселелерінде, мемлекеттік саясатты белгілейтін тұжырымдамаларды, бағдарламаларды әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысу;

10) саяси партиялармен, этномәдени бірлестіктермен, үкіметтік емес бірлестіктермен және өзге де қоғамдық ұйымдармен байланыстарды жүзеге асыру;

11) жергілікті мемлекеттік басқарудың мүддесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге өкілеттіктерді жүзеге асыру;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік ақпараттық саясатты, өңірлік деңгейде жастар саясатты іске асыру жөніндегі іс-шаралар мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және жүзеге асырылуын бақылау;

13) Железин ауданында ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуға және саяси үдерістерді демократияландыруға бағытталған республикалық және өңірлік ғылыми-тәжірибелік іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу;

14) мемлекеттік рәміздерді насихаттау, әдістемелік көмек көрсету және қолдану жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру және ақпарат ұсыну;

15) "Железин ауданының ішкі саясат бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кадрлық жұмысының жағдайын, кадрлармен қамтамасыз етілуін талдау;

16) "Железин ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

17) Железин ауданы әкімінің тапсырмаларын, әкімдігінің актілерін орындау және орындалуын ұйымдастыру;

18) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жұртшылықпен байланыс орнату және оларды тұрақты дамыту;

19) "Железин ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметінің жоспарларын әзірлеу;

20) өңірдегі діни ахуалды зерттеу және талдау;

21) ауданда тұратын халықтардың рухани дәстүрлерін, мемлекеттік және басқа тілдерін дамытудың мемлекеттік саясат саласындағы әдістемелік шараларды жүзеге асырады;

22) тілдерді дамыту мен үйрену үшін жағдайлар жасау және жәрдемдесу, тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін іске асырады;

23) мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық салаларында қолданылуын қамтамасыз ету және ауданда тіл саясатын жүргізеді;

24) мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуды қамтамасыз етеді;

25) тілдерді дамытудың аудандық жоспарларын әзірлейді және жүзеге асырады;

26) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;

27) азаматтарды тілдік қағидат бойынша кемсітуге жол бермеу жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді;

28) Қазақстан Республикасы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 75-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

29) маңдайшаны ауылда орналастыру туралы хабарламаларды Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңына сәйкес қабылдауды және қарауды жүзеге асырады;

30) аудандық мәслихатпен бірлесіп, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Республикалық ономастика комиссиясымен келісілген облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде аудандық маңызы бар қаланың құрамдас бөліктерін атау, олардың құрамдас бөліктерін қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту жөніндегі мәселелерді шешеді.

31) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін, қызметтік хат-хабар алмасуын қарауды қамтамасыз ету ;

32) аудандық деңгейде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жүргізу;

33) атақ беру, куәліктерді және төсбелгілерді, ауданның Құрмет кітабын әзірлеу, ресімдеу және сақтау мәселелері жөніндегі құжаттамаларды жүргізу және есепке алу.

3-тарау. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

17. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-сін басқару "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-не жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшымен жүзеге асырылады.

18. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің басшысы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудан әкімімен қызметіне тағайындалады және қызметінен босатылады.

19. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-сі басшысының орынбасарлары жоқ.

20. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-сі басшысының өкілеттігі:

1) "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-сі туралы Ережені аудан әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Қолданыстағы заңнамаға және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген бұйрықтар шығарады.

4) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

5) қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің қызметкерлерін көтермелеуді, материалдық көмек көрсетуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

7) "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің келешектегі және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

8) барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің мүддесін білдіреді; иппипм

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ведомстволық бағыныстағы ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың басшыларын көтермелеуді, оларға тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

11) өз құзыреті шегінде шарттар, келісімдерді жасайды;

"Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4-тарау. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

21. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырады.

22. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-не бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-сі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-сін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

25. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-сі таратылған кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік аудандық коммуналдық меншікте қалады.

6 тарау. "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

"Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" ММ-нің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі:

1) "Железин ауданының ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің "Айбат" жастар бастамаларын дамыту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.